

Мер-Министрдің орын-  
 ал Орынбаев хабарлама  
 л жоба бойынша не-  
 ғаратын өнімдері экс-  
 мелден бизнес субъек-  
 летін несиелер бойын-  
 ық ставкаларды субси-  
 ын және орта бизнеске  
 ішінара кепілдендіру  
 өз болды. Талқылау ба-  
 қатар бизнес қауымдас-  
 ың өкілдері, облыс  
 імізде экспортқа өнім  
 шағын және орта биз-  
 ымдарының өлі жет-  
 жеде дамымай отыр-  
 ондықтан бизнес са-  
 салатын бұл жеңіл-  
 спортты алмастыратын  
 тіні шағын және орта  
 сы шет қалмауға тиіс  
 ға тартты.

Мер-Министр Көрм Мәсімов  
 қорытындылай келіп,  
 селелер бойынша тиісті  
 нақты тапсырмалар  
 Мер-Министр күн  
 кірші мәселе бойынша  
 кірталас өткенін айта  
 Бейсенбіде өңірлердегі  
 дамытуға тиімді ықпал  
 нестің жол картасы-  
 рламасын жан-жақты  
 арналған кеңес  
 ін атап өтті.

● Туыстық туы

# ЕУРАЗИЯ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ – ҚАЗАҚСТАН ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

*Түркия Қазақстанмен ынтымақтастыққа әрдайым ерекше көңіл бөледі. Халықтарымыз арасындағы қарым-қатынастың тамыры тереңде жатқаны белгілі. Екінші жағынан елдеріміз Еуразияның шығысы мен батысын бір-біріне байланыстыратын, бірі Каспий теңізінің солтүстігінен, екіншісі оңтүстігінен өтетін екі маңызды жол торабында орналасқан.*

*Ортақ құндылықтарымыз бен осы ерекше өңірлік жағдай ең әуелі саясат, экономика мен мәдениет салаларында және басқа да салаларда ауқымды ынтымақтастық жағдайын қалыптастырумен қатар, жауапкершіліктер де жүктейді. Түркия да, Қазақстан да жауапкершілік алудан ешқашан қашқан емес және аймақтағы халықаралық және өңірлік ұйымдарда осы бағытта әр түрлі бастамаларға жетекшілік етіп келеді.*

**Ахмет ДӘУІТӨҒЛЫ,**  
**Түрік Республикасының**  
**Сыртқы істер министрі.**

Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық міндетін алуы — елдің тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері өткен аз уақыт ішіндегі даму деңгейінің ең мағыналы көрсеткіші. Ауқымды қауіпсіздік пен тұрақтылық, көп бағытты ынтымақтастық, адам құқықтары, демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет, оңтайлы басқару секілді халықаралық қатынастар мен ықпалдастықтың қазіргі таңдағы негізгі басымдықтарын Еуразия аймағында реттеуші беделді Ұйым — ЕҚЫҰ-ға төрағалық міндетінің жүктелуі халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға деген сенімін дәлелдейді. Қазақстан төрағалығының ЕҚЫҰ-ға жаңа серпін беретініне де еш күмән жоқ.

Қазақстанның осы жетістіктері Түркия үшін таңсық емес. Тәуелсіздігін алғаннан осы күнге дейін Түркия мен Қазақстан бір-бірімен әрдайым ықпалдастықта болып, тығыз және ауқымды қатынастарымыз бізге Қазақстанның барлық өлеуетін жақыннан тануға мүмкіндік берді.

Тарих бойынша жинаған тәжірибесі, түрлі мәдениеттің басын қосып отырған қоғамдық құрылымы, адами өлеуетінің және табиғи ресурстарының саналы және көреген басшылықпен бірігуі Қазақстанның Орталық Азияда көшбасшы елге айналуына және Еуразия аймағының маңызды әктері болуына мүмкіншілік туғызып, Қазақстанға халықаралық қоғамдастық алдында абырой-өнерді. Орталық Азия аумағының ақылышысы болып отырған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылғы 21-24 қазан күндері Түркияға жасаған сапары кезінде қол қойылған келісімдер негізінде Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың стратегиялық белесі қуатталды.

Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың сипатын анықтайтын негізгі нәрсе — екі бауырлас ел бөлісетін ортақ құндылық-

лыптасуына әрдайым көңіл бөледі. Еуропа кеңесіне 2010 жылғы төрағалығымыз кезінде осы кеңестің Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығын нығайту басты басымдықтарымыздың біреуі болады. Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясына түрік азаматы Мевлют Чавушоғлының депутат болып сайлануы еліміз ұстап отырған осы бағыттың халықаралық қауымдастық тарапынан құпталатынын көрсетуде.

Шығыс-Батыс байланыс дәлізінде орналасқан Түркия мен Қазақстанға жаңа көлік дәліздерін жетілдіру тұрғысынан да маңызды міндет жүктелуде. Біз үшін ортақ кең аймақта тұрақты даму жүйесінің құрылуы үшін Шығыс — Батыс байланыс дәлізін ең жоғары деңгейде пайдалану аса қажет. Жаңа “Жібек жолдарын” жетілдіру арқылы табиғи ресурстарды пайдалану, әл-ауқатты жоғарылату, елдердің экономикалық құрылымдарының бір-бірін толықтыруы, тіпті бірігу мүмкіндіктері жан-жақты пайдаланылуы тиіс. Осы ынты-жігерлеріміздің көбісі 2012 жылы Баку — Тбилиси — Карс темір жол желісі пайдалануға берілген кезде жүзеге асатыны анық. Осылайша, Еуропа, Кавказ өңірі, Орталық Азия, Қыыр Шығыс және Оңтүстік Азия арасында жылдам және қауіпсіз халықаралық темір жол тасымалының құретамырына ие боламыз. Алайда, байланыс дәлізінің қызметі экономикамен шектеліп қалмауы тиіс. Байланыс дәлізін мәдениетаралық ұнқатысуды арттыруда пайдалануда да табандылық көрсетуіміз қажет. Әйтпесе, қоғамдардың бір-бірін жақсырақ түсінуін қамтамасыз ететін маңызды мүмкіндіктен құр қаламыз.

Ауғанстанда өзіміз көріп отырған, өлемнің көптеген жерінде болып жатқан тұрақсыздық ошақтарының көптеген себебі бар. Ауғанстанда бейбіт және ауқатты жағдай орнату үшін өлемнің барша мүмкіндігі қолданылып жатқанына қарамастан, күтілген нәтиженің алынбауының артында мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы ұзақ



## ИРАН УРАН БАЙЫТАДЫ

Иран басшылығын түсіну қиын. Сөзі мен ісі бөлек. Өзінің ядролық бағдарламасы бейбіт мақсатты көздейді дейді де, соған қайшы әрекетке барады. Ал уранды 20 пайызға дейін байыту одан ядролық қару жасауға мүмкіндік береді. Осы аптаның басында бұл ел сол уранды 20 пайызға байыту үдерісін бастап кетті.

Рас, олар мұны жасырмай, ашық айтты. Бірақ бұдан мәселенің мәні өзгермейді. Енді Иранның ядролық қару жасауынан қауіптенетін жұрт бұл елге қатаң шара қолдануды талап етіп отыр. Сірә, Иран мен оның ядролық бағдарламасына қарсы елдердің арасындағы қайшылық өрши түсетін түрі бар.

## АҚШАНЫ АЙЫРБАСТАП ҚАТЕЛЕСТІ

КХДР-да өткен жылдың аяғында ақша реформасы жүргізілген болатын. Оның талаптары мен танысқаннан кейін бұл шараның халыққа тиімсіз болатыны, азық-түлік өнімдерінің тапшылығына соқтыратыны туралы пікірімізді де білдіргенбіз. Ел үкіметінің басшысы Ким Чен Ир жақында жұртшылық алдында ақша айырбастаудың жете ойластырылмай жүзеге асырылғаны үшін халықтан кешірім сұрап, мәлімдеме жасады. Сол реформаға байланысты шетел валютасының қолданысына тыйым салынып, көсіпкерлердің азын-аулақ артық ақшалары күйін кеткен еді. Үкімет басшысы жіберілген қателіктерді тез жоюға уәде берді.

## ҚОЛБАЛА ПРЕЗИДЕНТ ҮШІН

Қырғызстанның конституциялық соты президент Қ.Бакиевтің ұсынысымен ел конституциясына өзгеріс енгізді. Енді ел басшысы қызметін атқара алмайтын жағдай туса, мемлекет басында отырған шағын топ уақытша президент тағайындайтын болады.

Мұндай өзгеріс не қажеттіктен туды деген сауалға жұрт жауап іздейді. Президент Қ.Бакиевтің денсаулығы да қауіп тудыратындай емес сияқты. Сарапшылардың көпшілігі мұны қазіргі президенттің қалай да билікті өз адамына ұстату мақсатынан туған дейді.

## ТАРТЫП АЛҒАН АС БОЛМАЙДЫ